



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Ә.ҚАСЫМ

АТЫРАУ-ДОССОР ТАС ЖОЛЫ ТӨРТ ЖОЛАҚҚА КЕҢЕЙТІЛЕДІ

БИЫЛ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУЫ БАҒЫТЫНДА АТЫРАУ-ДОССОР ТАС ЖОЛЫН КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛАМАҚ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАРАТЫРАУ-ДОССОР ТАС ЖОЛЫНЫҢ ТАРЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БҰЛАҒЫТТА ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғалары жиі тіркеліп келеді.

ОДАН БӨЛЕК, АТАЛҒАН ЖОЛМЕН ІРІ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСАТЫНДЫҚТАН КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ДА ҚАРҚЫНДЫ.

АУДАНДЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ МАМАНДАРЫНЫҢ АЙТУЫНША, БЫЛАТЫРҒЫ ЖЫЛЫ 33 ЖОЛ-КӨЛІК Оқиғасы тіркелген. Олардың ішінде 32 адам қаза тапса, 72 адам зардап шегіп, 51 адам дене жарақатын алған. Ал биыл жыл басынан екі апаттық жағдай тіркеліп, 2 адам қаза тапқан.

СОНДЫҚТАН ТАС ЖОЛДЫ ЕКІ ЖОЛАҚТАН ТӨРТ ЖОЛАҚҚА КЕҢЕЙТУ МӘСЕЛЕСІН ЖҮРГІЗУШІЛЕР КӨПТЕН БЕРІ КӨТЕРІП КЕЛЕДІ.

ОСЫ РЕТТЕ АТАЛҒАН МӘСЕЛЕ ЖҮЙРДА ӨЗ ШЕШІМІН ТАППАҚ, Яғни, бірнеше жылдан бері айтылып келетін тас жолдың құрылысы биылғы жылдың екінші жартысында басталады деп жоспарлануда.

ЖАУАПТЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, ЖАЛПЫ ҰЗЫНДЫҒЫ 86 ШАҚЫРЫМ БОЛАТЫН ЖОЛДЫ АЛДАҒЫ ТӨРТ ЖЫЛ ІШІНДЕ АЯҚТАУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР.

БҰЛ ЖОБА Өңірдегі көлік қатынасының қауіпсіздігі мен сапасын арттыруға ықпал етпек.



НЫСАН

С.БЕКАРЫС

СПОРТ КЕШЕНІ – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ



ДОССОР кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Кешеннің ашылу салтанатында аудан әкімі Азамат Мәмбетов құттықтау сөз сөйлеп, ауданда бұқаралық спортты дамыту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілгендігін атап өтті.

Сондай-ақ бұл кешен кент тұрғындарының спортпен тұрақты айналысуына және салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік беретіндігін жеткізді.

Әрі қарай спорт нысанының құрылыс жұмыстарына жауапты "Альтаир СК-7" мердігер мекемесінің өкілі Артур Мақсотұлы мен жаңа дене шынықтыру спорт кешенінің директоры Сәндібек Темірбекұлы ортаға шақырылып, салтанатты түрде мекеменің кілті табысталды.

Айта кетейік, жоба бойынша нысан екі қатарлы, ғимараттың ауданы – 1274,1 шаршы метр.

Ғимаратта жаттықтырушылар, дәрігерлер, күзетшілер бөлмесі, күрес залы мен спорт зал, ерлер мен әйелдерге арналған киім ауыстыру және жуыну бөлмесі қарастырылған.

Суреттер автордікі



*Баспасөз – 2026



«Мақат тынысына» 2026 жылға жазылу жалғаса береді

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

Жеке тұлғаға
6 айға -
2272 теңге
66 тиын

Занды тұлғаға
6 айға -
3993 теңге
60 тиын

10 айға -
3787 теңге
76 тиын

10 айға -
6656 теңге
00 тиын

Газет индексі:
жеке тұлғалар үшін –
65574,
занды тұлғалар үшін –
15574

Өзіңізге қажетті мәліметті
"Мақат тынысынан" ғана ала
аласыз. "Мақат тынысы" Сіздің
сенімді серігіңіз болуға дайын!
Бір рет жазылып, жыл бойы
рухани азық алып тұрыңыз!

Құрметті оқырман!

"ЖЕР УЧАСКЕСІН АЛУ ҮШІН КЕЗЕККЕ ҚОЮ" МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Жер учаскесін алу үшін кезекке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жер учаскесін алу үшін кезекке қою" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.
2. Осы Қағидаларға мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды:
 - 1) пайдаланылушының "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы кабинеті (бұдан әрі – жеке кабинет) – жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен электрондық түрде қызметтер көрсету мәселелері, аталған тұлғалардың өтініштерін қарайтын субъектілерге жүгіну, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша ресми ақпараттық өзара іс-қимылаға арналған "электрондық үкіметтің" веб-порталының құрамдас бөлігі;
 - 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің жөлілеріне қосаға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің біршағыр терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе;
 - 3) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құрадарымен жасалған және электрондық құжаттың ауыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, кент, ауыл, ауылдық округ өкімі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

"Жер учаскесін алу үшін кезекке қою" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген.

4. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін алу үшін кезекке қоюға өтінішті және Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдау портал арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Жеке басты құалаңдыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара көсіпкерді тіркеу туралы не жалғжымайтын мүлікке меншік құқығын растайтын дара көсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкес ендіру құжаттары туралы, мемлекеттік

қызмет көрсеткені үшін ақындық төлегенін туралы мәліметтерді қорықтатын қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден талап етеді.

Қорықтатын қызметті берушілер іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік күшісөзді беру арқылы немесе портал ха-барламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісуі болған жағдайда цифрлық құжаттарды алады.

Ақпараттық жүйелерде қағылған дербес деректер мен заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді өңдеуді қорықтатын қызметті беруші қорықтатын қызметті алушының келісуімен порталда тіркеу барысында жүзеге асырады.

Қорықтатын қызметті алушының жеке кабинетіне мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішін қабылдағаны туралы мәртебе және мемлекеттік қызмет көрсету күні мен уақыты қорықтатын хабарлама жіберіледі.

Қорықтатын қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғанынан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүтігін кезде құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

6. Жер учаскесін алуға кезекке қоюға арналған өтініштерді арнайы есепке алы-нуын қалыптастыруға жауапты қорықтатын қызметті берушінің қызметкері 20 (жиырма) минут ішінде:

порталда авторландыру рәсімін өтеді;

жер учаскесін алуға кезектілік тізіміне қорықтатын қызметті алушының деректерін енгізеді;

жер учаскесін алуға кезектілік тізіміне деректерді енгізгеннен кейін интеграциялық өзара әрекеттесу жолымен автоматты түрде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті барлық қажетті мәліметтерді өңдейді;

қорықтатын қызметті алушының жеке кабинетіне электрондық құжат түрінде қорықтатын қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған өтінішін арнайы есепке қою туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәдді жауапты жолдайды.

7. Қорықтатын қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қағтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің осы Қағидаар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Қағидааларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырылу туралы ақпаратты "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы о-ператорына, қорықтатын қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

8. Ақпараттық жүйе істен шыққан кезде қорықтатын қызметті беруші ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына жауапты қорықтатын қызметті берушінің құрылымында бөлімшесінің жұмыскерін дереу хабардар етеді.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің
2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығына 15-қосымша

Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымға жауапты жұмыскер техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

9. Көрсетілетін қызметті беруші Тізбенің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілген қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әркетсіздігіне) шағым көрсетілген қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Шағым Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ЭРПҚ) 91-бабының 4-тармағына сәйкес келіп түскен жағдайда көрсетілген қызметті беруші оны келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Көрсетілген қызметті беруші шағымды көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы акт қабылдаған, әкімшілік іс-әрекет жасаған жағдайда шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

11. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:
көрсетілетін қызметті беруші – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;
мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Көрсөтілгін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органының шағымды қауау мерзімі 3аңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес:

- 1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жерілікті жерге барып тексеру жүргізу;
- 2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қауау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымды қауау жөнінде өкілеттік берілген лауазымды адам шағымды қауау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды берген көрсөтілгін қызметті алушыға жағазбаша немесе (шағым қауауға жеткізілште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) ұзарту себепін көрсете отырып шағымды қауау мерзімінің ұзартылғаны туралы хабарлайды.

2. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘПТК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін сотқа жүгінуге бол жеріледі.

Жер учаскесін алу үшін кезекке қою

мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 1-қосымша

«ЖЕР УЧАСКЕСІН АЛУ ҮШІН КЕЗЕККЕ ҚОЮ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН
КӨРСЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі (бұдан әрі — көрсетілетін қызметті беруші).

Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі — портал) арқылы.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі

20 (жиырма) минут ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету түрі

Электрондық (ішінара) автоматтандырылған).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

Өтінішті арнайы есепке қою туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

Тегін.

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

Порталдың — жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарындағы мекенжайлары:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;

2) көрсетілетін қызметті берушінің www.gov4c.kz интернет-ресурсы;

3) порталда орналастырылған.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен не көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі тіркелген және порталдың есептік жазбасына қосылған жағдайда ұялы байланыс операторы ұсынған бір реттік құпиясөзбен куәландырылған электрондық құжат түрінде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскесін алу үшін кезекке қоюға өтініш.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-1-бабы 8-тармағының он екінші және он үшінші бөліктерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 2-қосымша

_____әкімі
(қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

(жеке сәйкестендіру нөмірі)

(жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері)

жеке тұлғаның, байланыс телефоны (бар болса),

тұратын мекенжайы)
Жер учаскесін алу үшін кезекке қоюға өтініш

_____үшін
(жер учаскесінің нысаналы мақсаты)

ауданы _____ гектар

_____орналасқан
(жер учаскесінің мекенжайы (орналасқан жері))

жер учаскесін алу үшін кезекке қоюды сұраймын.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, электрондық цифрлық қолтаңбасы)

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ

«Атырау Грунт» ЖШС жобдағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізді: «Атырау облысы Мақат ауданындағы «Жалғас» көл орнының саз жытыстарын өндіру жөніндегі операциялардың сада-рын жоюдың шамамен алғандағы құнын есептеу және жою жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық рет-теу бөлімі, басшысы, тел 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескерту-лер мен ұсыныстар: atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекенжайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен: https://hearings.ndbcollection.gov.kz/Discussion/DisHearings/Бірыңғай_экологиялық_порталында_және_Атырау_об-лысы_әкімдігінің_табиғи_ресурстар_және_табиғатты_пайдалануды_реттеу_басқармасы ММ ЖАО https:// <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 27.02.2026ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай Экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданыбайды.

Танпсырыс беруші: «Атырау Грунт» ЖШС. ЖСН 231240021900. Атырау облысы, Атырау қаласы, Құлманова, 117/1.

Орындаушы: «GBR PROJECT» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Саркамас 2 ш.а., 14 к-ше, 37 үй. БИН 190940023028, әл. адрес: smagulov-r@mail.ru, тел.: 87013670584

Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін gulsim81@list.ru электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Атырау Грунт» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту: Раздел Охраны окружающей среды к «Плану ликвидации и расчета приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче глинистых пород месторождения «Жалгас» в Макатском районе Атырауской области».

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», отдел экологического регулирования, руководитель, тел 8(7122)32-55-09. Замечания и предложения к разделу ООС принимаются на электронный адрес: atp.priroda@atygau.gov.kz.

С проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/atygau-tabigat?lang=ru>.

Публичные обсуждения состоятся с 27.02.2026г. в течении 10-ти рабочих дней на сайте Единый Экологический портал. Все замечания и предложения принимаются в указанный период на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Заказчик проекта: ТОО «Атырау Грунт». БИН 231240021900. Атырауская область, г. Атырау, г. Атырау, ул. Кулманова, 117/1.

Исполнитель проекта: ТОО «GBR PROJECT». Атырауская область, г. Атырау, мкрн. Сарканыс-2, ул.14, дом 37. БИН 190940023028, эл. адрес: smagulov-g@mail.ru, тел: 87013670584

Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности, о при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящейся к намечаемой деятельности по электронному адресу: gulsim81@list.ru

АЗАМАТТАР ӨЗ МӘРТЕБЕСІ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі – бұл денсаулық сақтау саласындағы мүдделерді әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі. Ал сол жүйе арқылы азаматтар өз мәртебесін қалай тексеріп, медицинамен қамтылуындағы артықшылықтарын қалай пайдалана алады? Бұл жөнінде кеңінен талдап көрейік.

Жалпы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру елімізде 2020 жылы 1 қаңтардан бастап кеңінен қолданысқа енді.

Бұрын әрбір азамат тек кепілдік беріген тегін медициналық көмекке ғана сүйене алатын болса, енді МӘМС арқасында медициналық қызметтердің қолжетімділігі кеңейіп, қорамдағы әрбір адамның денсаулығына деген қамқорлық айқын көрініс тапты.

Ресми деректер бойынша, 2024 жылы жалпы қаржылаңдыру 2,8 триллион теңгеден асып, оның ішінде кепілдік беріген тегін медициналық көмек – 1,6 трлн, ал МӘМС бойынша 1,2 трлн теңгеден асты.

Бұл тек қаржылық көрсеткіш ғана емес, медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтіп, әрбір азаматтың денсаулығына деген қамқорлықты айқын көрсететін нақты қадам болды деуге болады.

Ал биылдан бастап, Үкімет міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне бірқатар өзгерістер еңгізіп, оның тәртібін жаңартты. Жаңашылдық 2026 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енген қаулы арқылы бекітілді.

Енді азамат «Азаматтарға арналған үкімет» порталы немесе бірнеше ұялы қосымшалар арқылы өз мәртебесін анықтай алады, сондай-ақ оны электронды үкімет порталының жеке кабинеті арқылы да орындауға болады.

«Тексеру нәтижесінде әр ай бойынша төленген жарналардың, үзіңді көшірмесін көруге мүмкіндік бар. Егер бірнеше ай үшін төлем жүргізілмеген болса, сол айлар үшін төлем жасап, мәртебе алуға болады. Алайда мәртебені жоғалтпау үшін ай сайынғы жарналарды уақытылы төлеу қажет», - деді аудандық аурухананың дәрігері Айгүл Аймағанбетова.

Сонғы жаңартулар бойынша, енді МӘМС жүйесіне қажетті деректерді тек мемлекеттік органдар емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі де ұсынытын болады. Бұл сот органдарының ақпараттық жүйесі арқылы мәліметтерді жеткізіп, жүйінің толыққанды әрі тиімді жұмыс жасауына мүмкіндік береді анық.

Сарапшылардың пікірінше, бұл түзетулер деректер алмасу механизмін айтарлықтай жетілдіріп, әлеуметтік тұрғыдан осал топтарды медициналық сақтандырумен толық қамтуға жол ашады. Енді зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі адамдарға күтім жасайтын отбасы мүшелері, әлеуметтік тұрғыда осал топтағы азаматтар – бөрі де өз мәртебесін жеңіл әрі сенімді жолмен тексере алады.

Айта кетейік, жаңа қаулы – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін цифрландыру мен әлеуметтік әділдікке бағытталған реформалардың



ИН ҚАЛАЙ АНЫҚТАЙДЫ?

маңызды бөлігін құрайды. 2026 жылдан бастап деректер беру процесі кеңейіп, енді ЕАЭО елдерінен келген еңбек мигранттары мен олардың отбасы мүшелері де қамтылатын болды. Бұл қадам МӘМС жүйесінің ашықтығын арттырып, әлеуметтік сақтандыру саласында деректердің өзектілігі мен тиімділігін едәуір күшейтері сөзсіз.

Аудандық аурухананың директорының емхана ісі жөніндегі орынбасары, дәрігер Айгүл Еркеқызы бұл жаңартулар біздің медицина қызметкерлеріне де үлкен жеңілдік әкелетінін жеткізді.

«Енді біз пациенттің сақтандыру мәртебесін бірнеше минутта анықтай аламыз, бұл ауруларды ерте кезеңде анықтау мен қажетті медициналық көмекті уақытылы ұсынуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтардың қамқорлықпен қамтамасыз етілуі — біздің басты мақсатымыз», - деп атап өтті ол.

Қорытындылай келе, МӘМС жүйесінің жаңартылған форматы — тек цифрлық жүйе емес, әрбір азаматқа көрсетілетін қамқорлық пен әділдіктің көрінісі. Азаматтық мәртебенің білу, медициналық көмекті толық көлемде пайдалану енді бұрынғыдан жеңіл және қолжетімді. Әрбір отбасы өз денсаулығы мен жақындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сенімді, ал мемлекет азаматқа көрсеткен қамқорлықты барынша тиімді жүзеге асырады.

МӘМС — бұл тек жүйе емес, халыққа деген қамқорлық пен сенімнің, ашықтық пен әділдіктің көрінісі. Әрбір азамат өз мәртебесін тексеріп, медициналық қызметтердің барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, өмір сүру сапасын арттыра алады.